22058873927

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қысқаша шешім)

2024 жылғы 04 желтоқсан №7119-24-00-2/14690 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Fiber Lan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Fiber Lan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы – ішінара қанағаттандырылсын.

«Fiber Lan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Fiber Lan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 10 584 (он мың бес жүз сексен төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 2 164 (екі мың бір жүз алпыс төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 04.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 14.01.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 15.01.2025
7119-24-3-1/14097

егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 04.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 14.01.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 15.01.2025

7119-24-3-1/14097